# Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың транзитіне рұқсат беру қағидаларын және біліктілік талаптарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2023 жылғы 28 сәуірдегі № 308 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 2 мамырда № 32403 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5 т. қараңыз

"Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 3) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа 1 қосымшаға сәйкес қоса беріліп отырған Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың транзитіне рұқсат беру қағидалары және біліктілік талаптары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2 қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі* | *М. Карабаев* |

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Индустрия және
инфрақұрылымдық
даму министрінің
2023 жылғы 28 сәуірдегі
№ 308 бұйрығына
1-қосымша

## Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың транзитіне рұқсат беру қағидалары және біліктілік талаптары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың транзитіне рұқсат беру Қағидалары және біліктілік талаптары (бұдан әрі – Қағидалар) "Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 8-бабының 3) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың транзитіне рұқсат беру тәртібін және біліктілік талаптарын , сондай-ақ "Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың транзитіне рұқсат беру" мемлекеттік қызметін көрсетуді айқындайды.

2. "Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың транзитіне рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) болып табылады және оны осы Қағидаларға сәйкес Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші ) көрсетеді.

3. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актіні бекіткен немесе өзгерткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оны көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектендіреді және "

Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясына, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына және бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

4. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен анықтамалар:

1) өзіндік ерекшелігі бар тауарлар – қосарланған және әскери мақсаттағы тауарлар, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бақыланатын тауарлар;

2) транзит – тауарларды Қазақстан Республикасының аумағы арқылы өткізу;

3) уәкілетті орган – бақылау саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

4) шетелдік тұлғалар – Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын және өзінің өзге мемлекеттің азаматтығына тиесілігінің дәлелдемелері бар жеке тұлғалар, сондай-ақ азаматтық құқық қабілеттілігі шет мемлекеттің құқығы бойынша айқындалатын заңды тұлғалар;

5. Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары мен шетелдік тұлғалар өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың транзитін өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың транзитіне рұқсат негізінде жүзеге асырады.

Егер межелі елге немесе жөнелтуші елге Қазақстан Республикасының, Қазақстан Республикасы осы салада оларды сақтау жөніндегі міндеттемелерді қабылдаған халықаралық ұйымдардың және жекелеген мемлекеттердің санкциялары салынса, осы Қағидалардың күші қолданылмайды және өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың транзитіне рұқсат (бұдан әрі – рұқсат) берілмейді.

Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген жағдайларды қоспағанда, "Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес шет мемлекеттердің және (немесе) халықаралық ұйымдардың әскери құралымдарының, қару-жарақтары мен әскери техникасының Қазақстан аумағы арқылы транзитіне жол берілмейді.

6. Рұқсат Еуразиялық экономикалық одақтың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының кодына сәйкес сыртқы сауда келісімшартындағы ( шартындағы) өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың саны мен номенклатурасына қарамастан, кемінде он белгі деңгейінде код көрсетіле отырып, тауардың бір түріне беріледі.

7. Рұқсат 1 (бір) жыл мерзімге беріледі. Рұқсаттың қолданылу мерзімі рұқсат беру үшін негіз болып табылатын құжаттардың қолданылу мерзімімен шектелуі мүмкін.

Берілген рұқсатқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

8. Берілген рұқсатты басқа жеке немесе заңды тұлғаға беруге болмайды.

9. Транзитпен өткізілетін өзіндік ерекшелігі бар тауарларды Қазақстан Республикасының аумағында қайта тиеу шарттары өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың транзитіне рұқсатта көрсетіледі. Қазақстан Республикасының жеке және заңды

тұлғалары мен шетелдік тұлғалар Қазақстан Республикасының аумағында қайта тиеу туралы ақпаратты өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың транзитіне рұқсат алуға өтініш берген кезде уәкілетті органға ұсынады.

**2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі**

10. Мемлекеттік қызметті көрсетілетін қызметті беруші жеке және заңды тұлғалардың (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) өтініші арқылы:

Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары үшін:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

2) "электрондық үкіметтің" веб-порталына www.egov.kz (бұдан әрі – портал);

шетелдік заңды тұлғалар үшін:

1) Мемлекеттік корпорацияға;

2) порталға;

3) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне.

11. Мемлекеттік қызметті Мемлекеттік корпорацияға жүгіну арқылы алу үшін көрсетілетін қызметті алушы Мемлекеттік корпорация қызметкеріне осы Қағидаларға 1 -қосымшаға сәйкес "Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың транзитіне рұқсат беру" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көрсетілген мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттарды (бұдан әрі – Негізгі талаптардың тізбесі) ұсынады.

Мемлекеттік корпорацияның қызметкері көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың толықтығын тексереді және көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын, сондай-ақ қолданылу мерзімі өткен құжаттарды толық ұсынбаған жағдайда өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда, Мемлекеттік корпорацияның қызметкері осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қабылдау және беру күнін көрсете отырып, мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға құжаттарды қабылдауды жүзеге асырады және тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат береді.

Бұл ретте Мемлекеттік корпорацияның қызметкері ұсынылған құжаттардың электрондық көшірмелерін көшіреді және өтінімге тіркейді.

12. Портал арқылы мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттардың электрондық көшірмелерін жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы берген кезде - көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін

қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

13. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы мемлекеттік қызметті алу үшін шетелдік заңды тұлғалар кеңсе қызметкеріне негізгі талаптар тізбесінде көрсетілген мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттарды қағаз жеткізгіште ұсынады.

Шетелдік заңды тұлға құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі бас тарту себебін көрсете отырып, өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дәлелді бас тарту (бұдан әрі – Дәлелді бас тарту) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қағаз құжат нысанында беріледі.

Құжаттар топтамасын қабылдау күні мен уақытын көрсете отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркелгені туралы оның көшірмесіне белгі қою құжаттардың қабылданғанын растау болып табылады.

14. Заңның 29-бабы 1-тармағының негізінде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыдан өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласына қатысты қажетті құжаттарды және (немесе) ақпаратты сұратуға және алуға құқылы.

15. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттарды олар келіп түскен күні қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады және жауапты орындаушыға жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда өтінішті қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

16. Өтінішті портал арқылы жіберген кезде жауапты орындаушы 3 (үш) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және ұсынылған құжаттардың толық болмауы фактісі анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дәлелді бас тартуды (бұдан әрі – Дәлелді бас тарту) дайындайды, не оны алмастыратын адам көрсетілетін қызметті алушыға электрондық құжат нысанында портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне жібереді.

Жеке басты куәландыратын құжат туралы, Қазақстан Республикасының заңды тұлғасын, дара кәсіпкерін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

17. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда , жауапты орындаушы құжаттарды осы Қағидаларға 5-қосымшада көрсетілген біліктілік талаптарына сәйкестігін тексереді және оларды "Өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласындағы рұқсат құжаттарын берудің кейбір мәселелері туралы

" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1083 қаулысында көзделген тиісті мемлекеттік органдарға келісуге жібереді.

Мемлекеттік органдар көрсетілетін қызметті берушінің сұрау салуы негізінде сұрау салу жіберілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде көрсетілетін қызметті берушіге қарау нәтижелері туралы жауап жібереді.

Мемлекеттік органдар көрсетілген мерзім ішінде жауап ұсынбаған жағдайда рұқсат беру келісілген болып есептеледі.

18. Ұсынылған құжаттардың біліктілік талаптарына сәйкестігін тексеру нәтижелері және тиісті мемлекеттік органдардың жауаптары негізінде жауапты орындаушы құжаттарды қарағаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін - осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша транзитке рұқсат ресімдейді, көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оның орнындағы адамның ЭЦҚ-сы қол қойылған және оны көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетіне, Мемлекеттік корпорацияға электрондық құжат нысанындағы портал арқылы көрсетілетін қызметті алушыға - көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүгінген жағдайда беру үшін не қағаз нұсқада.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген және негізгі талаптар тізбесінде баяндалған мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізудің уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабардар етеді.

Тыңдау туралы хабарлама көрсетілетін қызметті алушының өтініште көрсетілген электрондық мекенжайына мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабарлама жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші рұқсат немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту береді.

19. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін беру:

1) Мемлекеттік корпорация, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы – қолма-қол;

2) портал арқылы - электронды.

20. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызметті көрсету кезінде мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде түседі.

**3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі**

21. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті берушіге, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Көрсетілетін қызметті беруші шағым түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей шағымды және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

22. Көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес қаралуға тиіс:

1) көрсетілетін қызметті беруші-тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ;

2) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган – ол тіркелген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

23. Көрсетілетін қызметті берушінің, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі " Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес қажет болған жағдайларда 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымды қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды қарау өкілеттігі берілген лауазымды адам шағымды берген көрсетілетін қызметті алушыға шағымды қарау мерзімі ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағымды қағаз жеткізгіште берген кезде) немесе электрондық нысанда (шағымды электрондық түрде берген кезде) хабарлайды ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау.

24. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесімен келіспеген жағдайларда көрсетілетін қызметті алушы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңның 4-бабы 1-тармағының 6) тармақшасына сәйкес сотқа жүгінеді.

Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге сотқа дейінгі тәртіппен шағымданғаннан кейін жол беріледі.

Өзіндік ерекшелігі бар
тауарлардың транзитіне рұқсат
беру қағидаларына
1-қосымша

| "Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың транзитіне рұқсат беру" негізгі талаптарының тізбесі | | |
|---|---|---|
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Көрсетілетін қызметті берушінің атауы | Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Индустриялық даму комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) |
| 2 | Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері | 1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);<br>2) www. egov. kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал);<br>3) шетелдік заңды тұлғалар үшін көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі. |
| 3 | Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі | 15 (он бес) жұмыс күні ішінде. |
| 4 | Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны | Электрондық (ішінара автоматтандырылған) / қағаз түрінде |
| 5 | Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі | Өзіндік ерекшелігі бар тауарлардының транзитіне рұқсат беру не көрсетілетін қызметті беруші басшысының не оны алмастыратын тұлғаның ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанда мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту.<br>Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны – электрондық және қағаз түрде. |
| 6 | Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде өтініш берушіден алынатын төлемнің мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері | Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі |
| | | 1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес дүйсенбі-жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;<br>2) Мемлекеттік корпорация-дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.00- |

| | | |
|---|---|---|
| 7 | Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс кестесі | ге дейін үзіліссіз, Мемлекеттік корпорацияның халыққа қызмет көрсету кезекші бөлімдері дүйсенбіден жұманы қоса алғанда сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін және сенбі күні сағат 9.00-ден 13.00-ге дейін Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес мереке және демалыс күндерінен басқа;<br>3) портал-жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Кодекске сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінішті қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады);<br>Келіп түскен өтініштерді тіркеу дүйсенбіден жұманы қоса алғанда жұмыс кестесіне сәйкес сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін жүзеге асырылады, сағат 17.00-ден кейін түскен өтініштерді тіркеу келесі жұмыс күні жүзеге асырылады. |
| | | 1. Мемлекеттік корпорацияға:<br>1) осы негізгі талаптар тізбесіне 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш.<br>Бұл өтініш электрондық түрде де ұсынылады;<br>2) жеке басын куәландыратын құжат және өкілдің өкілеттігін растайтын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);<br>3) заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгенін (қайта тіркелгенін) растайтын құжат - шетелдік заңды тұлға үшін;<br>4) жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат, кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығын растайтын құжат - шетелдік жеке тұлға үшін;<br>5) экспорттаушы елдің өзіндік ерекшелігі бар тауарларын бақылау мәселелері жөніндегі уәкілетті орган берген өзіндік ерекшелігі бар тауарларды әкетуге рұқсаттың болуы туралы құжат; |

| | | |
|---|---|---|
| | | 6) сыртқы сауда мәмілесіне қатысушылар (сатушы, жүк жөнелтуші, сатып алушы, жүк алушы, делдал) арасында оған қосымшаларымен және (немесе) толықтыруларымен өзіндік ерекшелігі бар және құндық мәндегі нақты тауарлардың номенклатурасы мен көлемін көрсете отырып, өзіндік ерекшелігі бар тауарларды жеткізуге арналған келісімшарт;<br>7) "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты (бұдан әрі - Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметі мәселелері жөніндегі заңнамасы);<br>8) Қазақстан Республикасының ядролық және радиациялық қауіпсіздігі жөніндегі құзыретті органдары рұқсатының қолданылу шарттарын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерін бұзу айқындалған жағдайда оның тарапынан тасымалдың нақты жағдайларына тексеру жүргізуге, сондай-ақ ықтимал уақытша сақтауға, кері тасымалдауға, сараптамаға және атқарушы органдардың басқа да қажетті іс-қимылдарына байланысты шығыстарды, сондай-ақ анықталған ауытқуларды Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес келтіру және/немесе экспортталуы мемлекетке жүкті қайтару қажеттігіне байланысты шығыстарды өтеуге кепілдікті растайтын (келісімшарттың нөмірі мен күні көрсетілген) көрсетілетін қызметті алушының хаты;<br>9) егер жүкті жүк алушыға беру оған байланысты емес себептер бойынша мүмкін болмаған жағдайда (келісімшарттың нөмірі мен күнін көрсете отырып), оның транзитпен өткізілетін өнімді кері |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | | қабылдауға сөзсіз келісімін растайтын (көрсетілетін қызметті берушіге жолданған) өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың жүк жөнелтушісінің хаты;<br>10) осы негізгі талаптар тізбесіне 2 -қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәлімделген транзиттік тасымалдауды жүзеге асыру кезінде қозғалыс бағыты, шекаралық кіру және шығу пункттері, көлік түрі туралы мәліметтер.<br>11) әскери қарауыл адамдарының саны, олардың қару - жарақтары мен оқ-дәрілері (маркасы (типі), калибрі, саны) туралы деректер көрсетілген әскери қарауыл туралы ақпарат-әскери ( қосарланған) мақсаттағы өнімнің әскери қарауыл транзитін алып жүру кезінде.<br>12) эпидемиялық маңызы шамалы объектінің қызметін (пайдалануын ) бастағаны және тоқтатқаны туралы хабарлама (осы құжатты шетелдік құзыретті органдар берген жағдайда).<br>Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде адамдардың ( әскери қарауыл құрамынан) Қазақстан Республикасына кіруге немесе Қазақстан Республикасынан шығуға құқық беретін құжаттары, бекітілген қаруды, оқ-дәрілерді көрсете отырып, әскери бөлімнің лауазымды адамдары бекіткен әскери қарауыл адамдарының атаулы тізімі және әскери қарауылдың тиісті ілеспе құжаттары (нұсқама, наряд, қорытынды) ұсынылады.<br>Ескерту:<br>Осы тармақтың 3), 4), 5), 6) және 7 ) тармақшаларда көрсетілген құжаттар түпнұсқаларында немесе нотариат куәландырған көшірмелерінде ұсынылады.<br>Шет тілдерінде жасалған құжаттар Қазақстан Республикасының |

| | | |
|---|---|---|
| | | мемлекеттік тіліне нотариалды куәландырылған аудармасымен ұсынылады.<br>2. Порталға:<br>1) осы негізгі талаптар тізбесіне 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) куәландырылған өтініш;<br>2) шетелдік заңды тұлға үшін - заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгенін (қайта тіркелгенін) растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;<br>3) экспорттаушы елдің өзіндік ерекшелігі бар тауарларын бақылау мәселелері жөніндегі уәкілетті орган берген өзіндік ерекшелігі бар тауарларды әкетуге рұқсаттың болуы туралы құжаттың электрондық көшірмесі;<br>4) сыртқы сауда мәмілесіне қатысушылар (сатушы, жүк жөнелтуші, сатып алушы, жүк алушы, делдал) арасында оған қосымшаларымен және (немесе) толықтыруларымен нақты және құндық мәндегі өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың номенклатурасы мен көлемін көрсете отырып, өзіндік ерекшелігі бар тауарларды жеткізуге арналған келісімшарттың электрондық көшірмесі;<br>5) Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметі мәселелері жөніндегі заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартының электрондық көшірмесі ;<br>6) Қазақстан Республикасының ядролық және радиациялық қауіпсіздігі жөніндегі құзыретті органдары рұқсатының қолданылу шарттарын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерін бұзу айқындалған жағдайда оның тарапынан тасымалдың нақты жағдайларына тексеру жүргізуге, |

| | | |
|---|---|---|
| 8 | Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі | сондай-ақ ықтимал уақытша сақтауға, кері тасымалдауға, сараптамаға және атқарушы органдардың басқа да қажетті іс-қимылдарына байланысты шығыстарды, сондай-ақ анықталған ауытқуларды Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес келтіру және/немесе экспортталуы мемлекетке жүкті қайтару қажеттігіне байланысты шығыстарды өтеуге кепілдікті растайтын (келісімшарттың нөмірі мен күні көрсетілген) көрсетілетін қызметті алушының хатының электрондық көшірмесі;<br>7) егер жүкті жүк алушыға беру оған байланысты емес себептер бойынша мүмкін болмаған жағдайда (келісімшарттың нөмірі мен күнін көрсете отырып), оның транзитпен өткізілетін өнімді кері қабылдауға сөзсіз келісімін растайтын (көрсетілетін қызметті берушіге жолданған) өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың жүк жөнелтушісінің хатының электрондық көшірмесі;<br>8) осы негізгі талаптар тізбесіне 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәлімделген транзиттік тасымалдауды жүзеге асыру кезінде қозғалыс бағыты, шекаралық кіру және шығу пункттері, көлік түрі туралы мәліметтің электрондық көшірмесі ;<br>9) әскери қарауыл адамдарының саны, олардың қару-жарақтары мен оқ-дәрілері (маркасы (типі), калибрі, саны) туралы деректер көрсетілген әскери қарауыл туралы ақпарат-әскери ( қосарланған) мақсаттағы өнімнің әскери қарауыл транзитін алып жүру кезінде.<br>10) эпидемиялық маңызы шамалы объектінің қызметінің ( пайдалануының) басталғаны және тоқтатылғаны туралы хабарламаның электрондық |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | көшірмесі (осы құжатты шетелдік құзыретті органдар берген жағдайда).<br>Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде адамдардың ( әскери қарауыл құрамынан) Қазақстан Республикасына кіруге немесе Қазақстан Республикасынан шығуға құқық беретін құжаттары, бекітілген каруды, оқ-дәрілерді көрсете отырып, әскери бөлімнің лауазымды адамдары бекіткен әскери қарауыл адамдарының атаулы тізімі және әскери қарауылдың тиісті ілеспе құжаттары (нұсқама, наряд, қорытынды) ұсынылады.<br>2, 3, 4, 5-тармақтарда көрсетілген құжаттарды нотариат куәландырған көшірмелерде ұсыну қажет.<br>Шет тілдерінде жасалған құжаттар Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіліне немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармамен ұсынылады<br>3. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне мынадай құжаттар қағаз түрінде, сондай-ақ электрондық форматта электрондық ақпарат тасығышта ұсынылады:<br>1) осы негізгі талаптар тізбесіне 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;<br>Бұл өтініш электрондық түрде де ұсынылады;<br>2) өтінішке қоса берілетін құжаттардың тізімдемесі;<br>3) жеке басын куәландыратын құжат және өкілдің өкілеттігін растайтын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);<br>4) шетелдік заңды тұлға үшін - заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгенін (қайта тіркелгенін) растайтын құжаттың нотариат куәландырған көшірмесі; | |

| | | |
|---|---|---|
| | | 5) жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың нотариат куәландырған көшірмесі, кәсіпкерлік қызметпен айналысу құқығын растайтын құжат - шетелдік жеке тұлға үшін;<br>6) экспорттаушы елдің өзіндік ерекшелігі бар тауарларын бақылау мәселелері жөніндегі уәкілетті орган берген өзіндік ерекшелігі бар тауарларды әкетуге рұқсаттың болуы туралы құжаттың нотариат куәландырған көшірмесі;<br>7) сыртқы сауда мәмілесіне қатысушылар (сатушы, жүк жөнелтуші, сатып алушы, жүк алушы, делдал) арасында оған қосымшаларымен және (немесе) толықтыруларымен нақты және құндық мәндегі өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың номенклатурасы мен көлемін көрсете отырып, өзіндік ерекшелігі бар тауарларды жеткізуге арналған келісімшарттың нотариат куәландырған көшірмесі;<br>8) Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметі мәселелері жөніндегі заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шартының нотариат куәландырған көшірмесі;<br>9) Қазақстан Республикасының ядролық және радиациялық қауіпсіздігі жөніндегі құзыретті органдары рұқсатының қолданылу шарттарын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерін бұзу айқындалған жағдайда оның тарапынан тасымалдың нақты жағдайларына тексеру жүргізуге, сондай-ақ ықтимал уақытша сақтауға, кері тасымалдауға, сараптамаға және атқарушы органдардың басқа да қажетті іс-қимылдарына байланысты шығыстарды, сондай-ақ анықталған ауытқуларды Қазақстан Республикасының |

| | | |
|---|---|---|
| | | заңнама талаптарына сәйкес келтіру және/немесе экспорттталуы мемлекетке жүкті қайтару қажеттігіне байланысты шығыстарды өтеуге кепілдікті растайтын (келісімшарттың нөмірі мен күні көрсетілген) көрсетілетін қызметті алушының хаты;<br>10) егер жүкті жүк алушыға беру оған байланысты емес себептер бойынша мүмкін болмаған жағдайда (келісімшарттың нөмірі мен күнін көрсете отырып), оның транзитпен өткізілетін өнімді кері қабылдауға сөзсіз келісімін растайтын (көрсетілетін қызметті берушіге жолданған) өзіндік ерекшелігі бар тауарлардың жүк жөнелтушісінің хаты;<br>11) осы негізгі талаптар тізбесіне 2 -қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәлімделген транзиттік тасымалдауды жүзеге асыру кезінде қозғалыс бағыты, шекаралық кіру және шығу пункттері, көлік түрі туралы мәліметтер;<br>12) әскери қарауыл адамдарының саны, олардың қаруы мен оқ - дәрілері туралы деректер ( маркасы (типі), калибрі, саны) көрсетілген әскери қарауыл туралы ақпарат-әскери қарауылдың әскери (қосарланған) мақсаттағы өнімдерінің транзитін сүйемелдеу кезінде әкелінетін әрбір қару бірлігіне;<br>13) эпидемиялық маңызы шамалы объектінің қызметін (пайдалануын ) бастағаны және тоқтатқаны туралы хабарлама (осы құжатты шетелдік құзыретті органдар берген жағдайда).<br>Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде Қазақстан Республикасына келуге немесе Қазақстан Республикасынан кетуге құқық беретін адамдардың құжаттары (әскери қарауыл құрамынан), бекітілген қаруды, оқ-дәрілерді көрсете отырып, әскери бөлімнің лауазымды адамдары бекіткен әскери қарауыл |

| | | |
|---|---|---|
| | | адамдарының атаулы тізімі және әскери қарауылдың тиісті ілеспе құжаттары (нұсқама, наряд, қорытынды) ұсынылады).<br>Ескерту:<br>Тармақшаларда көрсетілген құжаттар 3), 4), 5), 6) және 7) Осы тармақтың түпнұсқаларында немесе нотариат куәландырған көшірмелерінде ұсынылады.<br>Шет тілдерінде жасалған құжаттар Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіліне немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармасымен ұсынылады.<br>Осы тармақтың 6) тармақшасында көрсетілген келісімшарт болмаған кезде өнімді жеткізу қажеттілігін негіздейтін құжаттар ұсынылады.<br>Осы тармақтың 5) тармақшасында көрсетілген, ел заңнамасында көзделмеген құжаттың болмауы түсіндірме хат ұсынылады. |
| | | 1) Қазақстан Республикасының заңдарында жеке немесе заңды тұлғалардың осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынуы;<br>2) көрсетілетін қызметті алушы біліктілік талаптарына сәйкес келмесе;<br>3) көрсетілетін қызметті беруші тиісті келісуші мемлекеттік органнан көрсетілетін қызметті алушының лицензиялау кезінде қойылатын талаптарға сәйкес келмейтіні туралы жауап алса;<br>4) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және ( немесе) олардағы деректердің ( мәліметтердің) анық еместігін анықтау;<br>5) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде |

| | | |
|---|---|---|
| 9 | Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер | белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;<br>6) мемлекет мүдделеріне нұқсан келтіру немесе нұқсан келтіру қатері туындаған жағдайларда;<br>7) егер өтініш берушіге қатысты рұқсат алуға өтініш берілгенге дейін бір жыл ішінде сот тәртібімен Қазақстан Республикасының өзіндік ерекшелігі бар тауарларды бақылау саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін әкімшілік жаза қолданылса;<br>8) егер рұқсат алуға өтініш берілгенге дейін бір жыл ішінде өтініш берушіге қатысты өзіне тән тауарларды бақылау саласында қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін соттың айыптау үкімі шығарылса немесе өтініш беруші онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан осы тармақтың негізінде босатылса, сот осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген негіздер 3), 4), 9), 10) және 12) Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің немесе 3 6-бабының;<br>9) Егер өтініш берушіге соңғы бес жыл ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің және Еуропалық Одақтың санкциялары қолданылған болса;<br>10) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша;<br>11) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол |

| | | |
|---|---|---|
| | | жеткізуге келісімі болмауы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады. |
